



EGEMEN QAZAQSTAN

газетінің PDF нұсқасы

## Қаламгер қолтаңбасы

Қолтаңба... Жо-жоқ, автограф емес, қаламгер Жақау Дәуренбековтің сөз өнеріндегі машық, мәнерін, шығармашылықтағы өзіндік болмыс, бітімін айтамыз. Жақау ағамның жуырда «Қолтаңба» атты кітабы шыққан екен. Осынау эсселер жинағында да автор әңгімесіне өзек етіп алған санаткер һәм зияткер тұлғалардың дәл осындай қолтаңбаларын айшықтап көрсетуді мұрат тұтыпты. Және де сол мұрат-мақсатына жеткен. Міне, бұл арада Жақанның өзінің де қашаннан бергі, Мұқағали ақын айтқандай, ізденімпаздығы, шығармашылық қолтаңбасы аңдалып, атой салып тұрғандай көрінді бізге.



**Қорғанбек АМАНЖОЛ**



Жақанды көзбен көріп, сырттай біле бастағанымызға да, міне, төрт мүшелден асыңқырай жығылып, жарты ғасыр жүзі болыңқырапты. Олай дейтінім, 1970 жылдың тамызында біз кәдімгі Киров атындағы ҚазМУ-дың журналистика факультетіне жаңа түсіп, қоңыр күзде

аудиторияларға жүрегімізді лүпілдете алғаш қадам басқан кезімізде бұл кісілеріңіз Алматының байтағында өздерін судағы балықтай сезініп, тап осында бесінші, яғни соңғы курста оқып жүр екен. Қызық болғанда, әлі есімде, факультет табалдырығын жаңа аттаған біздің бірінші курстың түбіт мұрттары мен түлеп ұшқалы тұрған бесінші курс тастүлектерінің әдемі кездесуі өткізілді. Бірінші курстан мен, бесінші курстан осы күні есімі елге танымал Шөмішбай Сариев ағамыз өлең оқып еді-ау сол салтанатты жиында. Бізге ақжолтай тілек айтқан аға толқынның ішінде Баққожа Мұқай, Смағұл Елубай, Сұлтанәлі Балғабаев сынды қазақ әдебиетінің кейінгі аймандай мықтыларының болуы ол курстың қаншалықты мықтылығын да аңғартса керек-ті. Сол кезде Баққожа ағамның оқумен қосамжарлай «Білім және Еңбек» журналында істейтінін білемін. Өйткені менің бір шағын фантастикалық әңгімем осы кісінің қолынан өтіп, ағалық шарапатымен журналда жарияланған-ды. Ал негізі кейіпкерге келер болсақ, Жақаң да осал емес, оқуымен қоса, сол кездегі ел-жұрттың ең сүйікті газеті «Лениншіл жастың» білдей бір қызметкері, күн аралатып, кейде күн құрғатпай құлаш-құлаш мақалалары шығады да жатады. Қазіргі тілмен айтқанда, жетпісінші жылдардың бас кезіндегі Жақау Дәуренбековтің танымалдығына қазіргі ақын-жазушылардың қай-қайсысы да қызыққандай еді десек, ақиқаттан әсте алшақ кетпейміз. Бұл аз десеңіз, жай жөпшендінің қолы жете бермес «Жазушы» баспасынан жедеқабыл жүремелетіп «Бөгенауыл балалары», «Алғашқы сабақ» атты тырнақалды кітаптары шығып та үлгерген.

«Ленжастың» әдебиет бөліміне, ондағы Оралхан Бөкеев пен Сағат Әшімбаев ағаларымызға атбасын жиірек бұратын сол бір арманшыл, албырт шақтарда, міне, осындай Жақаңа бетпе-бет келіп сәлем беріп сөйлесуге батпайтынымыз да рас-тын. Бойын тік, кеудесін шалқақтау ұстайтындай көрінетін. Әйтеуір сырттай қарағандығы сұсы мен мысы баса беретін-ді. Несі бар, мұндай мықтыға осындай аз-кем тәкаппарлықтың жарасымдығына да іштей ақыр-тақыр келісіп қойғанбыз. Кім білсін, «жүрегімізді ұстап, бір-бір Прометейге ұқсап, Оралхан мен Сағатқа ұшып жететін» біздер үшін бұл мәселенің ол кезде мәні болмаған да шығар, бәлкім...

Ес жиып, ақыл тоқтатып, жақынырақ жұғысқанда білдік емес пе Жақаңнан асқан жаймашуақтың жоқтығын, жанының ағыл-тегіл атымтай-жомарттығын, пейілінің қазақы кеңдігін, көңілінің алғадай алғаусыздығын, адам сүйгіш, өмір сүйгіш мейірімді жүрегін... Иә, Жақаң осындай болмаса, сонау 1971 жылдың сәуірінде бесінші курс студентіне әйгілі журналист-қаламгер басшы Сейдахмет Бердіқұлов жаңа кітабын: «Қадірлі інім Жақау! Өзіңнің іскерлігіңе риза жаман ағанның ілтипаты деп білгейсің» деген бейілді қолтаңба жазып берер ме еді, жас өндірі осылай жоғары бағалар ма еді!?. Іскерлік дегенде, іздемпаздығын, журналистік бесаспаптығын, қаламының жүрдектігін, көркем сөзді игерудегі биік өресін айтады ғой. Осындай ізгі ағаның ілтипатына сол жаңа бүр жарған жас күнінде-ақ, қаламгерлік тырнақалды қадамдарында-ақ лайықты болғаны ғой. Демек, әу басында Жақаңа жақындай алмай жасқаншақтағанмыз бекершілік екенін білсекші...

Міне, енді содан бергі қаншама бел-белестерден өткен белгілі қаламгер-журналист, баспагер-жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Жақау Дәуренбековтің жаңадан шыққан «Қолтаңба» кітабын бір деммен оқып шыққанда автордың жан дүниесіне, сезім сырларына іштен үңілгендей әдемі әсерге бөлендік. Осындағы көркем жазылған, көбіне-көп көздің жасындай мөлдіреп түскен санқырлы эсселерден Бюфонның «Стиль – адам» деген сөзінің шындығына тағы бір көз жеткізгендейміз. Айтса айтқандай-ақ, «Тұлғатану», «Ағалар мен інілер», «Уақыт және руханият» секілді тарауларға бөлінген кетпектей томдықтың өресі биік. Өзгенің табысына қуануы, жалпы жақсылыққа сүйінуі, қаламынан ізгілік шуағының шалқып төгілуі Жақаңның күнделікті өмірдегі өзінің мінезінен, болмыс-бітімінен аумай қалған дерсіз. Кейбір иірімдерде, тіпті, жарқылдап күлгені де көрініп тұратындай. Ж.Дәуренбековтің жазу мәнерінің бір қыры, бір ғажабы деп білейік мұны. Қаламгердің қалыптасқан қолтаңбасы.

Кітапты тұтастырып тұрған бір алтын арқау бар. Ең әуелі оның кейіпкерлері – еліміздің белгілі тұлғалары, қоғам қайраткерлері һәм замандас-қаламдастар. Осы орайдағы әдеби портреттер әсерлі жазылуымен, тек Дәуренбековтің ғана стиліне, мәнер-машығына тән өзіндік өзгеше өрнектермен баурап алады. Кітаптың композициялық түзілімі, желісінің бір кіндікке байлануы алуан тақырыптағы әрқилы эсселерді бір шығарма етіп қорытып құйғандай, әдеби эсселер

әдеби портреттерге ұласады, одан әдеби миниатюралар көркем кестеленеді. Бұлар ой кешудің әдеби жазбаларына жалғасып, соның ізінше сонау бір жылдарда қалған сағынышты күндердің қаз-қалпындағы қимас суреттері болып сыр шертеді. Әлбетте, осының бәрі ұлт мүддесін сөз еткен әдеби толғамдармен түйінделгенде оқырманның да айызы қанып, кітаптың өне бойында автормен бірге тебіреніп-толғанып отырары да анық.

Беташар эссе Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Нұр мен көлеңке» («Свет и тень») атты кітабы жайлы ой-пайымдарға құрылыпты. Осынау сараптамалық мақаланың бұдан он жыл бұрын жазылғанына назар аударуды сұраймыз. «Тұңғыштар мен тұлғалар» десе дегендей, ол кітапта әлемнің атақтылары мен ақылмандары, жаһандық саясаттың сардарлары хақында сарабал сырлар ағытылыпты. Әлбетте, әуелгі арна Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтан тартылады. Одан соң әлемдік саясаттың саяхатына бастайды. Алыстан алдарқатпаған, жақыннан танып білген. Көзбе-көз көріністер, сөзбе-сөз суреттер. Қызмет орайында кездескен, кеңескен, терезесі тең отырып сөйлескен. Көбіне-көп сыртқы саясаттың тізгінін ұстаған, елдің болашақ президентінің сол кездерде түйген ойлары. Зерделі көкіректің айнасына түскен ақжолтайлар кім десеңіз, АҚШ-тың мемлекеттік хатшысы Кондолиза Райс, БҰҰ-ның жетінші бас хатшысы, тегі африкалық ақсүйек Кофи Аннан, көп жылдар Қытай билігінің тізгінін ұстаған Цзян Цзэминь, Ресейдің бұрынғы тұлғалы президенті Борис Ельцин, Сингапурдың ұлт атасы атанған ұлы реформатор Ли Куан Ю, т.б. болып тізіліп кете барады. Тартымды кітаптың тағылымын Ж.Дәуренбековтің жеткізе таратып айтқаны сондай, осынау танымдық еңбекті оқып шығуға оқырман құштарлығын оятқандай. Ондағы кенен ойларды, кемел тұлғаларды көз алдына келтіреді. Талдай отырып кітаптың ішкі әлеміне өзіңді жетелеп кіргізіп жібергендей әсерленудің өзі бір ғанибет емес пе. Өне, Жақаң осындай шеберлікті меңгергендігін байқаймыз.

«Шеше» деп аталған келесі дүниеде қазақ еліне танымал қайраткер Қуаныш Сұлтанов өмірінен бір үзік сыр шертіліпті. Дұрысында, негізгі объектісі – кейіпкерінің «Заман және замандастар» деген кітабы. Бірақ біздің арпа ішінен дәйім бидай іздейтін авторымыз жалпыдан жалқыны айыра білетін, жалқыдан жалпыны таратып әкететін сұңғылалықтан бұл жолы да жаңылмапты. Сұлтановтың қаламгерлік қарымын толғай отырып оның адамдық болмысына бойлапты. Жас кезінде жар дегенде жалғыз шешесінің жанында жүріп қиындық мектебінде шынығып шыңдалғанын, ширағанын, кейде ширыққанын, сөйтіп шарықтағанын өз әңгімесінің әдібімен әдемі баяндайды.

Бір адамның толыққанды тұрпатын, образын ашып көрсету үшін оның барлық қасиет-қырларын түгел түгендеп, тәптіштей тізбелеудің қажеті жоқ. Азаматтың бір жақсы ісін айтса жеткілікті екен. Нақ осының айғағын да «Қолтаңбадағы» «Мәрт» атты мәнді де мағыналы суреттеме-эсседен көреміз. Кезінде Алаштың айкөл азаматы Иманғали Тасмағамбетов қазақтың өтпелі кезде өгейсітіліп, жабырқап жүрген ақын-жазушыларының жүз кітабының жарық көруіне жанашыр болып, ел аңыз қылып айтса айтқандай қыдырлы жақсылық жасағаны мәлім. Өзі баспагер Жақаң бұл игі істің бастан-аяқ басы-қасында болған, бүге-шігесіне дейін біледі. Жүрегіне иман-ізгілік ұялаған Иманғали-Имекеңнің қасиет-болмысын, мәрт мінезін жан-жақты өрнектеп те, көрнектеп те ашуға осы бір кесек қимылы әбден жетіп тұрыпты. Бүгінде «Тасмағамбетовтің жүз кітабы!» десек, көз алдымызда қыран тұғырлы азамат бейнесі одан сайын биіктей түскендей. Бекзат болмысқа тән бұл бедерлі қолтаңбаны біздің қаламгер сәтімен аңдаған һәм сындарлы айшықтаған.

Әдеби портреттер көшін классик жазушы Қалихан Ысқақов бастапты. Бір ғажабы, осыншама үлкен суреткер жайлы жаза отырса да, Ж.Дәуренбеков пафос пен патетикадан, құрғақ мақтау мен құр тамсанудан аулақ. Қарапайым айтады. Нақты жеткізеді. Қалекеннің өзінің «Қоңыр күз едісіндей» қоңыр ғана көңіл күйлері. Штрихтармен береді. Ұзақ-сонар баяндап жатпайды. Қоңыр тіршілік. Болған жайлар. Өмір үзіктері. Жұлдызшалармен бөліп, қысқа да нұсқа этюдтер түрінде ұсынады. Әдебиет жайлы әредікте әр жағдайда айтылып қалған кесек ойлар. Қалекен толғамдары. Сөз киесінің шыңын тани түсуге ұмтылдыратын шыншыл да шуақты суреттер.

Жақанның стилі жайма-шуақ. Өне бойынан әсте ешбір қатаң рай байқалмайды. Сонысымен тартымды оқылады. Және бір кереметі, кім жайында қалам тербесе де, сол адамға деген құрмет-сүйіспеншілігі аса шынайы көрінеді, соншалықты жұмсақ жүреппен жақсы көріп жазады. Міне,

бұл қаламгердің айқындалған қолтаңбасы, мәнзелді мәнері десек те болар. Нақ осы қасиет қазақтың кәдімгі Қадыр ақыны туралы моншақтап тізілген миниатюралы этюдтерінде де әсем көрініс тапқан.

Әуелі «Сөзжебе» деген тақырыбын қалай дәл тапқан десеңізші! Айтты-айтпады, Қадағаң нағыз тауып айтар сөздің сұрмергені еді ғой. Өмірде де, өлеңде де, өзінің прозасында да. Сөзжебе! Ағаның осы сөзжебелігіне, ұшқыр ойлардың туу сәттеріне Жақаң көп реттерде көлік ішінде бірге жүргенде куәгер болған. «Машина үстіндегі әңгіме» тақырыпшасы осыны аңғартса керек. Содан да болар, күнбе-күнгі қазақы әңгімелер барысында Қадағаңның мінез сипаттарын да, ойшылдық кенішін де, кейде, тіпті, шығармашылық «құпияларын» да әжептәуір ашып тастаған. Әлбетте, байқампаздығының, ізденімпаздығының, ізерлей білуінің арқасында. Қазақтың Қадыр ақыны жайлы көп-көп ғибраттарға қанығамыз.

Бұдан әрі «Шабыт», «Сәкең сөзге сыймайды», «Біздің Нұрағаң», «Парыз бен парасат», «Жырбұлақ», «Сағат», «Орысбайдың ой тоғысы», «Дің», «Мая мен Мағира», «Самғау» атты эсселік орайдағы дүниелері де осы тақылеттес. Бұлар қазақ руханиятының, ұлт баспасөзі мен ұлық әдебиетінің көрнекті тұлғалары туралы татымды да тосын ой-тұжырымдарды тарқатады. Аға буыннан алғаны – айтулы қаламгер Оразбек Сәрсенбай, жазушы-журналист Сейдахмет Бердіқұлов, биік рухты баспагер-журналист Нұрмахан Оразбеков. Біздің автор үш ағасымен де жақын араласқан, яғни «объектіні» тонның ішкі бауындай, іштен біледі. Білген соң біліктілікпен жазады. О.Сәрсенбайдың қазіргі жастар біле бермейтін әйгілі «1961 жыл» поэмасын келістіре талдайды, С.Бердіқұловтың «Лениншіл жасты» бас редактор емес, жай редактор болып басқарған кездердегі ақыл-парасат, сырбаздығы мен пайымды-парықтылығын адал сөзімен жайып салады, Н.Оразбектің бас редактор һәм бас баспагер болған уақыттардағы күрескерлігін ырзалықпен сүйсіне толғап суреттейді.

Содан кейінгі бір толымды да тегеурінді топ – Жақаңның өзінің студенттік жастық шақты бірге өткізіп, сөз өнеріне бірге құлаш ұрған құрдас-құралпастары, төл әдебиетіміз бен тума баспасөзімізге олжа салған орта толқын, қазірде ағалықты меңгеріп, ақсақалдыққа бет түзеген буын. Өттең-ай дейміз, Жарасқан Әбдірашевтің ақындық ақ бұлағының көзі мезгілсіз бітелді, Сағат Әшімбаевтің салиқалы сынының салауатты ағысы ерте тоқтады. Жақау эссесі Жарасқан ақынның сол алқынған ақ бұлақтарын, ағыл-тегіл жыр бұлақтарын еске оралтып, сағындырады, білімдар да зифа мәдениетті Сағатпен шүйіркелесе сырласқандай күй кештіреді. Сонымен қатар шүкір Аллаға, қаламдарын әлі де көсіле сілтеп жүрген Қуанышбай Құрманғали, Орысбай Әбділдаев, Нұрлан Оразалин, Мағира Қожахметова, Жанат Елшібек, Қайсар Әлім, тағы басқа дос-жолдас, замандастар шығармашылықтарының шырайлы бір қырын алып, әрқайсының өзіне ғана тән ерекшелік-сипаттарын тамыршыдай тап басатынына таңданбасқа әддің жоқ.

Ал енді әдебиетімізге «Өмірзая» сынды өрелі роман берген аяулы дарын Баққожа Мұқайға деген Жақаң көңілінің кестесі де, пейілінің дестесі де алабөтен. Себебі, сырлас, мұңдас жан досы. «Шабыт шырағы» эссесінде де, одан бөлек жазбаларында да Баққожа достың шарықтаған шақтарын ерен шаттықпен, құдды бір өз қуанышындай шалқыта сүйіншілеп жырлайды. Аз ғана парақтарда сой мінезді, ойлы көзді жігіт ағасының бірегей болмыс-келбетін көз алдымызға келтіріп береді. Өмірінің соңғы сәтіне дейін қыңбаған, арттағыға аманат қалдырудан тынбаған қайсар жүректі аялап, ардақтап мұндайды.

Ж.Дәуренбековтің бір ілкімді ерекшелігі сол, кітапқа енген эссе-мақалаларының жанрын одан әрі жеріне жеткізе айқындап, шегелей анықтап қояды. Тақырыпшаларды түйіндеген «ой-пайым», «бір үзік сыр», «ой-баян», «ой-өрім», «әңгіме», «эссе-элегия», «әдеби баян», «эссе», «күкілі үзіктер», «ой-сарап», «ретро-лебіз», «сыр-толғам», «ретро-хикая», «үшбу-лебіз», «бірер-сөз», «экспромт-эссе», «ой-лебіз», «әдеби миниатюралар», «прагматикалық пайым» сынды әдіпті анықтауыштар жазған дүниесінің мән-мазмұнын түсіну орайындағы бағытты һәм қалыпты толықтауыш, оқырманға көмекші екенін де аңғарып, атап көрсеткеніміз абзал. Бұған қоса, біздің автор қанаттас қаламгерлердің сөз өнеріндегі, шығармашылық мінез болмысы тұрғысындағы даралық-ерекшеліктерін де тап басып айтары барын байқаймыз. Мысалы сан сипатты дарын Жанат Елшібек хақында: сонау алпысыншы жылдардағы Балқаштың бала толқыны, бүгінгі журналистиканың дара толқыны... Жанат қабілетін қарымды пайдаланады,

асырып айтпайды, шашылып төгілмейді»; «Қазақтың қызыл кітабын» жазған Сұлтанәлі Балғабаев туралы: «Автордың күткені де осы екен, ащы әңгімені «Қазақша білмейтін қазақ қай ұлтқа жатады?» деп бастап, қыжылды сауалын қақ маңдайдан қояды»; тақырыбының темірқазығынан айнымайтын журналист қаламгер Жанболат Аупбаев жайлы: «Жанболат сол таңдаудан әлі танбай келеді, оның баспасөз бетінде үздіксіз жарияланған дүниелерінің бәрі қай мекеннен жазылса да алтын арқауынан алшақтамайды... Бұл – бүгінгі біздің қолымыздағы үш кітап – «Ашылмаған аралдар», «Біртуарлар», «Ұлылардың ұрпақтары» болып алдымызда жатыр» деп сүйекті тұжырымдармен айшықтайды. Ал қазақ баспасөзіндегі белгілі тұлғалар: Зәкір Асабаевты – «Зиялы», Шәмшиден Паттеевті – «Өре», Қали Сәрсенбаевты – «Эстеттің әлемі», Самат Ибраимды – «Құм мінезі» деген бейнелі мағыналармен мәнерлеуі дәлдігімен де, мәнділігімен де жарасымды дер едік.

«Қолтаңбаны» оқыған көзі қарақтылар жалпы шығармашылық, сөз өнерінің қыр-сыры, жазушылықтың азабы мен журналистік кәсіптің қиындық-қызықтарын түстеп танып біле түсері хақ. Бұл тұрғыдан алғанда кітаптың танымдық құндылығы айна-қатесіз ақиқат. Сонымен бірге азаматтық ұстанымы танылатын, тіптен, атойлап алға шығатын тұстар да баршылық. Ж.Дәуренбековті ұлт қамы, ұлт идеясы, ұлт мінезі, ұлт тілі, ұлттық идеология, ұлттық сана, ұлттық мүдде, ұлттық ұстаным, ұлттық тәрбие мәселелері толғандырады. Осы жайларды таратып, тарқатып, майлы жіліктей шағып айтады.

Одан әрі елімізді жайлаған, қазақ қоғамының қасіретіне айналған сыбайластық синдромы, сыбайлас жемқорлы туралы да ызалы һәм назалы ой толғамай, кесім-пішім айтпай тұра алмайды. Міне, мұндай тұрғыдағы жазбалар автордың азаматтық келбетін көз алдымызда зау биікке көтеріп әкеткендей. Ол деректі прозаның дәйекті дүниелері хақында ой толғаса да, көркемсөз бен көсемсөздің көрігін басып, маздағын үрлесе де, қаламгер мен кітап және оқырман арасындағы алтын арқау қайтсе үзілмейді деген көкейкесті проблеманы жан-жақты қаузаса да – осының бәрінде қазақ халқының ұлттық мұратын алға шығарады. Міне, Жақау қаламгерлігінің жылдар бойы қалыптасқан өзіндік қолтаңбасы осындай. Осыған біз қуанамыз.

Ал әзірге осы тілектестік лебізімді автормен ілкідегі бір әңгімеден кейін жазылған, одан соң ойда жоқта осы кітапқа енген «Мінез» атты өлеңіммен түйіндейін. Әлбетте, бұл өлең әдебиет сүйер қауымға осындай жақсы кітап ұсынған ізденімпаз Жақау ағатайыма арналады.

*Болмаса да оңып тұрған мінезім,*

*Мінездіні ұнатамын мен өзім.*

*Кейбіреулер көмекейін ашқанша*

*Көре қоям мінезінің өңезін.*

*Әлмисақтан «мінез - адам сауыты»,*

*Мінез – кейде кесір,*

*Кейде мақпал, мауыты.*

*Мінезділер мінсіз емес десек те,*

*Монтаны көз мінезсіздер қауіпті.*

*Жайып салған сақараның гажабын,*

*Сайып салған Сарыарқаның саз әнін,*

*Көтермейтін көрінгеннің мазағын –*

*Қайда менің жылқы мінез қазағым?*

*Қайда ғажап күйлеріңнің мінезі,  
Құсқанатты билеріңнің мінезі?  
Кесіп айтқан ер жігіттің мәрттігі,  
Кесік айтқан билерімнің мінезі?*

*Болмаған соң бөрі мінез ірілік,  
Неге керек күйбең қаққан тірілік?  
Қалмай, сірә, бара ма бұл қазақта  
Шалқайғанға – шалқаятын кіділік.*

*Тексіз емес.  
Түп тамырдан текті едім.  
Кексіз емес.  
Махамбеттей кекті едім.  
Бетсіз емес.  
Жер қорғаған Жұмабек,  
Батыр мінез Баукеңдердей бетті едім.*

*Өткелдері көп болса да – өткенің,  
Басып тұрып баба мекен көк белін,  
Көкбөрілік мінезіңнен ажырап,  
Қойдан қоңыр қоңсы болған неткенің?!*

*Уа, налыман!  
Күдерімді үзбеймін.  
Тек-қасиет маржандарын тіздеймін.  
Кендебайша Кер Құламды жебелеп,  
Қазағымның қақ мінезін іздеймін.*

**Қорғанбек АМАНЖОЛ**

Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты

—

